

**Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер көлік құралдарына салық төлеуден босатылатын мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникаларының тізбесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 қараша N 1519. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы K010209\_ Кодексінің (Салық кодексі) 345-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қосымшаға сәйкес Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер көлік құралдарына салық төлеуден босатылатын мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникаларының тізбесі бекітілсін.

2. "Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер көлік құралдарына салық төлеуден босатылатын мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникаларының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 7 шілдедегі N 938 P950938\_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 23, 267-кұжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Ү к і м е т і н і ң

2001 жылғы 26 қарашадағы

N 1519 қаулысына қосымша

**Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер көлік құралдарына салық төлеуден босатылатын мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникаларының тізбесі**

1. Сүт немесе ауыл шаруашылығы мақсаттарына су тасымалдауға арналған автомобиль - цистерналар.

2. Мал дәрігерлігі қызметінің автомобильдері.

3. Автозообиологиялық зертханалар.

4. Автоазықтасымалдағыштар.
5. Ауыл шаруашылығына арналған автотиеуіштер.
6. Дән сепкіштерге автодәнқұйғыштар.
7. Тыңайтқыш енгізуге арналған автомашиналар.
8. Ұшақтарға минералдық тыңайтқыштарды және улы химикаттарды автотиеуіштер.
9. Тең штабельдерін автотасымалдауыштар.
10. Автоулыжемшашқыш.
11. Пәлекжинағыш машиналар.
12. А/ш АН-2 әуе кемесі.
13. Өзі жүретін дестелегіштер.
14. Астық жинайтын комбайндар.
15. Доңғалақты тракторлар, өзі жүретін шассилер және оңтайлы энергетикалық құралдар.
16. Мал азығын жинағыш комбайндар.
17. Ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі автомобиль-шеберханалар.
18. Өзі жүретін шөп шапқыштар.
19. Маялағыштар.
20. Жинағыш комбайндар (тамыржемістілерді, картопты, қызанақты, көк бұршақты, мақтаны және т.б. жинауға арналған).